

**Ерекше білім беруге қажеттілігі бар
балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары**

Уақыты: 10.00

Күні: 19.03.26

Өтетін орны: салтанат залы

ӘН: Сағдат апай, Сауле апай

СЦЕНАРИЙ

*ФАНФАРЫ қосылады, жүргізушілер екі жақтан ортаға шығады
(фон тұрады)*

Дәурен: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар! Бүгінгі ерекше күнге арналған мектепшілік семинарымызға қош келдіңіздер!

Айгерім: Бүгін біз Аутизм туралы ақпараттандыру күніне орай ұйымдастырылған «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» атты семинарда бас қосып отырмыз. Келесі сөз кезегін мектеп директоры **Қайырлы Қалибекұлына** береміз

Дәурен: Бүгінгі іс-шара барысында біз:

- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың әдістерін,
- заманауи педагогикалық технологияларды,
- тәжірибелік жұмыстарды,
- тиімді әдістер мен тәсілдерді қарастырамыз.

Айгерім: Білім беру саласының басты мақсаты – әр баланың қабілетін дамыту, оның тұлғалық әлеуетін ашу.

Ерекше балалармен жұмыс жасау – тек кәсіби білімді ғана емес, үлкен жүректі, шыдамдылықты, мейірімділікті талап етеді.

Сондықтан ерекше балалармен жұмыс істейтін педагогтар үлкен жауапкершілікті атқарады.

Келесі сөз кезегін мектебіміздің дефектолог-логопеді **Ибраева Алмагуль**

Жолдыбаевнаға

сөз беріледі.

5 минуттық дәріс

Дәурен: Инклюзивті білім берудің басты артықшылығы – балалар бір-бірін түсінуді, құрметтеуді және қолдауды үйренеді.

Бұл тек ерекше балалар үшін емес, барлық балалар үшін пайдалы.

Өйткені осындай ортада өскен балалар болашақта мейірімді, жауапты және толерантты азамат болып қалыптасады.

Дәурен: *Инклюзивті білім беруді қолдау бөлімінің маманы және мектеп психологы Жұлдыз Билимовнаға сөз кезегі беріледі. Тренинг өткізіледі, соңында психолог мастер-класс үшін топқа бөледі.*

Айгерім: *Мектебіміздің әлеуметтік педагогы Сая Ондасыновнаға сөз береміз*

*Мастер-класс барысында әр топтан бір спикер сөз сөйлейді
(Презентация 4-5 беттік, әр спикерге 2-3 минут)*

Айгерім: Педагог ассистенттер шеберлік сыныптарын таныстырады

1 топ Гүлдер Сағдат Рахматуллақызы, Ташкова Тансауле

2 топ Этноброш Жанылсын Жанбыровна, Гулжан Ораловна

3 топ Мүсіндеу Майырбек Фариза, Жупар Джумабекқызы

4 топ Аватерапия Сания Есенғалиевна, Қазымгуль Жанбырбаевна

(10 мин беріледі)

Айгерім: Балалардың өнері – олардың ішкі әлемінің айнасы. Қазір сіздердің назарларыңызға 9 “Б” сынып оқушысы Давлетов Дастанның орындауындағы «Ана мен әке» әнімен ортаға шақырамыз!

Сахнаға Рысқұлбек Ахмадты шақырамыз

Дәурен: Құрметті әріптестер!

Бүгін біз ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің маңыздылығы туралы сөз қозғадық.

Бұл бағыттағы жұмыс – үлкен жауапкершілік.

Әрбір бала – ерекше.

Әрбір бала – қолдауға лайық.

Біздің міндетіміз – олардың мүмкіндігін шектеу емес, керісінше дамыту.

Айгерім: Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда қолданылатын тиімді әдістердің бірі — **ертегі терапиясы**.

Ертегі арқылы бала:

- қорқынышын жеңеді
- өзін түсінуді үйренеді
- жақсы мен жаманды ажыратады
- сенімділік қалыптастырады.

Айгерім: Ертегі – баланың жан дүниесіне, жүрегіне жол табатын ерекше өнер. Қазір сіздердің назарларыңызға инклюзивті білім беру бөлімі дайындаған “Шалқан” сахналық қойылымды ұсынамыз.

Ортада ертегі қойылады. Ертегі соңында ән айтылады.

Жүргізуші:

Ерте, ерте, ертеде бір Балтабай атай болыпты. Балтабай атай шалқан егіпті.

Ата:

Мен шалқан ектім, шалқаным үлкен болып өссін, берекелі болсын!

Жүргізуші:

Шалқанды күнбе-күн баптап, суарып отырыпты. Шалқан өсіп, өте үлкен болыпты.

Ата:

– Шалқаным пісті, жұлайын!

(тартады)

Жүргізуші:

Балтабай атай шалқанды жерден суырып алмақ боп, шалқалай тартады. Олай тартқылайды, былай тартқылайды суыра алмайды. Оны көрген Сара әжей көмекке келеді.

Әже:

Мен көмек берейін!

(тартады)

Жүргізуші:

Сара әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды, Балтабай ата шалқанның желегінен ұстайды, олай тартқылайды, былай тартқылайды суыра алмайды. Оны ойнап жүрген Айша немересі көріп қалады

Немере:

Мен де көмектесейін!

Жүргізуші:

Айша Сара әжейдің белінен, Сара әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды, Балтабай ата шалқанның желегінен ұстайды, олай тартқылайды, былай тартқылайды суыра алмайды. Әлекке түседі.

Ит:

Гав-гав! Мен де бармын!

Жүргізуші:

Ақтөс Айшаның бұрымынан ұстайды, Айша Сара әжейдің белінен, Сара әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды, Балтабай ата шалқанның желегінен ұстайды, олай

тартқылайды, былай тартқылайды суыра алмайды. Күн көзіне қыздырынып жатқан Марғау мысықты көріп Ақтөс көмекке шақырады

Мысық:

Мяу! Көмектесемін!

Жүргізуші:

Марғау мысық Ақтөс күшіктің құйрығынан ұстайды, Ақтөс Айшаның бұрымынан ұстайды, Айша Сара әжейдің белінен, Сара әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды, Балтабай ата шалқанның желегінен ұстайды, олай тартқылайды, былай тартқылайды суыра алмайды. Ініне кетіп бара жатқан тышқанды Марғау мысық байқап көмекке шақырады.

Тышқан:

Пи-пи! Мен де көмектесейін!

Барлығы:


Бір, екі, үш!

Дәурен: Келесі сөз кезегін инклюзия бөлімінің меңгерушісі **Маржан Исабековнаға** береміз

Дәурен: Құрметті ұстаздар, қадірлі әріптестер!

Бүгінгі іс-шарамыз ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

БІРГЕ: Келесі кездескенше, қош сау болыңыздар!



«БЕКІТЕМІН»

«№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ директоры
 А.К. Жумаханов
 2026 жыл

**«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
 ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

МЕКТЕПШІЛІК СЕМИНАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Өткізетін күні мен уақыты: 19.03.2026 ж., сағат 10:00

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Семинар мақсаты: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде тиімді заманауи педагогикалық технологияларды таныстыру, оларды білім беру процесіне енгізу арқылы әр баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға, әлеуметтік бейімделуіне және сапалы білім алуына жағдай жасау.

9.30-9.55	Қатысушыларды тіркеу
10.00-10.30	Ашылу салтанаты
10.30-10.45	«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» <i>Педагог-дефектолог: Ибраева А.Ж</i>
10.45-10.50	«ЕБҚ бар баланың отбасымен тиімді жұмыс: әлеуметтік педагог тәжірибесі» <i>Әлеуметтік педагог: Құлжабекова С.О</i>
10.50-11.10	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру» <i>Педагог-психолог: Мақатаева Ж.Б</i>
Шеберлік сағаттары. Педагог-ассистенттер	
11.10-11.50	Арт-терапия: «Гүл жасау технологиясы» (<i>Минасипова С.Р, Тошқов.Т, Жұмабек А.Ғ</i>) «Мүсіншілер» (<i>Майырбек.П, Сапарова Ж, Омашова У.Т</i>) «Этно-түйреуіш» (<i>Рамазанова Ж.Ж, Кенжебековна Г.О, Айтжанова С.Т</i>) АВА терапия: «Нейро жаттығулар» (<i>Шабанбаева Қ.Ж, Мақатова С.Е</i>)
11.50-12.00	«Шалқан» ертегісінің сахналық қойылымы (<i>Еңбек пәнінің мұғалімі Рамазанова Ж.Ж.</i> <i>Тарих және география пәнінің мұғалімі Айтжанова С.Т</i>)